

Реттелетін нарық субъектісінің шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындауы не орындамауы туралы тоқсан сайынғы ақпаратының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 180-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 17 тамызда № 7863 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 14 мамырдағы № 148-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.05.2013 № 148-НҚ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 7-3-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Реттелетін нарық субъектісінің шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындауы не орындамауы туралы тоқсан сайынғы ақпаратының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және жиынтық талдау департаменті (А.В. Мартыненко) :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Р.Е. Сүлейменова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.Ж. Дүйсебаевқа

ж ү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов

Қазақстан

Республикасы

Табиғи

монополияларды

реттеу

агенттігі

төрағасының

2012

жылғы

27

шілдедегі

№

180-НҚ

бұйрығымен бекітілген

Нысан

_____ шекті бағада ескерілген инвестициялық
(реттелетін нарық субъектісінің атауы) бағдарламаны (жобаны) орындауы не
орындамауы туралы ақпарат

(қ ы з м е т т ү р і)

20 __ жылғы -----

(тоқсан)

№ р/с	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы (қолданылу мерзімін көрсете отырып)	Кім бекітті (бұйрықтың күні, нөмірі)	Іс-шараның атауы	Іс-шараларды іске асыру жылдары			
				I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан

кестенің жалғасы

Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің жоспарланған параметрлері (көрсеткіштері)					
Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлер	Өлшем бірлігі	Инвестициялардың сомасы	Өлшем бірлігі	Инвестициялардың көзі

кестенің жалғасы

Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің орындалуы, нақты параметрлері (көрсеткіштері) (тоқсан сайын, өспелі қорытындымен) *					
Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлер	Өлшем бірлігі	Инвестициялардың сомасы	Өлшем бірлігі	

Ауылтөулігі

					Инвестициялардың көзі	Ауытқуы	жұмыстардың себептері

Е с к е р т у :

1) * инвестициялық бағдарламаларды іске асыру бойынша растайтын құжаттарды қоса беріліп отырып (тиісті шарттардың көшірмелері, келісімшарттар, орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актілер (№ 2 нысан) орындалған жұмыстардың және шығыстардың құны туралы анықтама (№ КС-3 нысаны), шот-фактуралар, мемлекеттік қабылдаушы комиссияларды пайдалануға актілер-қабылдаулар, ішкі жүкқұжат, ішкі реттелетін нарық субъектілерінің пайдалануға енгізу және балансқа алу бұйрықтары

2) Осы нысан мұнай өнімдерін өндіруші субъектілерге таратылмайды.

Қолы _____

(Ұйым басшысы)

М.О.